



**Респубикалық жалпы білім беретін оқу орындарының оқулары  
арасында өтетін М. Мақатаев оқуларының  
ЕРЕЖЕСІ**

**1. Жалпы ережелері**

1.1. Осы ереже Жалпы орта білім беретін мектеп оқушыларының арасында өткізілетін респубикалық Мұқағали Мақатаев оқуларының мэртебесін, мақсаттары мен міндеттерін айқындайды.

1.2. Жалпы орта білім беретін мектеп оқушылары арасында өткізілетін респубикалық М. Мақатаев оқуларының міндеттері мен мақсаттары;

1.3. Республиканың жалпы білім беретін оқу орындарының оқушылары арасында М. Мақатаевтың шығармаларын насиҳаттау;

1.4. Респубикалық жалпы білім беретін оқу орындарының оқушыларының шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамдарын, тұма талант, табиги дарындарын анықтау;

1.5. Оқушылардың поэзияға деген күштарлығын арттыру, өлең сөзінің күдіреті мен қуатын жаңымен сезініп, жүргімен түсіне білуге, ой-пікірлерін ғылыми тұрғыда дәйекті жеткізе ге баулу;

1.6. Жас талапкер ақындарға әлеуметтік-рухани қолдау көрсетіп, шығармашылық жұмыс түрлерін жаңдандыру. Жас буынның тарихи танымдарын, демократияға және азаматтыққа бағдарланған дүниетанымдары мен сана-сезімдерін, өмірге көзқарасын қалыптастыру.

**2. Респубикалық Мұқағали Мақатаев оқуларына қатысуышылар**

2.1. Мұқағали Мақатаев оқуларының респубикалық кезеңіне әр облыстағы өткізілген байқаудан женіп шыққан 8-11 сынып оқушылары катыса алды.

2.2. Әрбір облыстағы білім беру үйімдарында өткізілген респубикалық Мұқағали Мақатаев оқуларының ережесі бойынша әр номинацияда 1 (бір) оқушы, облыс бойынша барлығы 3 (үш) үміткер ұсынылады. Қатысуышының толық аты-жөні, облысы, ауданы, мектебі, сыныбы және жетекшісі мен қатысуышының байланыс телефондары туралы сұранысты Алматы облысының білім басқармасына жіберілуі керек. ([Байланыс нөмірлері 87282 600456, 600446](tel:87282600456)) [almobldo@mail.ru](mailto:almobldo@mail.ru) немесе [rus.aryslanov.77@mail.ru](mailto:rus.aryslanov.77@mail.ru) (байланыс телефоны т/ф (87282) 600446, 87023747709, 87056264567) жіберулері керек. Алдыңғы жылдардағы Мұқағали оқуларының женімпаздары (бас жүлде) бұл оқуға қатыса алмайды.

Байқаудың респубикалық кезеңі ағымдағы жылдың наурыз айында өткізіледі.

Райымбек ауданы Қарасаз ауылындағы Мәдениет үйінде өтеді. Байқауга қатысатындар Райымбек ауданы Қарасаз ауылындағы «Албан Асан Барманбекұлы атындағы орта мектеп-интернатының жетекшісі» нарина орналасады.

### **3. Республикалық Мұқағали Мақатаев оқуларының шарттары**

Республикалық байқауға қатысатын оқушы поэзияны сүйеттін, оны поэтикалық тұрғыда талдай білетін, ғылыми жұмысқа бейімі бар, өлеңді көркем мәнерлелп оқитын қабілетті әрі ақындық талабы бар облыстық байқаудың жүлдегері болуы шарт. Үміткер ақын M. Мақатевтың өмірі мен шығармашылығын білуі әрі өлеңдері мен поэмаларын мүмкіндігінше жатқа білуі керек және кез-келген өлеңін талдай алуы қажет. Сонымен бірге, талапкер оз шығармашылық қабілеттің танытуы керек.

3.1. Мұқағали Мақатаев оқулары З кезеңнен тұрады:

#### **1-номинация «Айтып өткен ақында арман бар ма?»**

Бұл айдарда үміткер M. Макатевтың шығармашылығынан жатқа білеттін өлеңдерінің тізбесін (поэмадан басқа) әкеліп алдын – ала әділқазыларға үсынады. Үсынылған тізбеден әділқазылардың иұсқауымен кез-келген олеңді жатқа оқиды. Әділқазылар тізбенің кез –келген жерінен 2-3 өлең ұсынуы мүмкін. Үміткердің жатқа білеттін өлеңдерінің санына және мәнерлелп көркемдеп оқылуына баға қойылады. Егер әділқазылар ұсынған өлеңді үміткер жатқа, мәнерлелп айта алмаса, ұпайы кемиді.

**2-номинация «Жыр эстафетасы»** байқауға қатысушы үміткерлер «Аққулар ұйықтағанда», «Райымбек, Райымбек», «Алтай- Атырау» поэмаларын ғолық жатқа білуі тиіс. Қатысушылар жеребе тарту арқылы жоғарыда көрсетілген поэмалар бойынша топқа бөлінеді, тандауга түскен поэманды жатқа айтудан өзара сынға түседі. (5-10 ұпай)

**3-номинация «Көкірегімде жыр сәулесі маздайды...»** айдарында окушы оз шығармашылығынан үш-бес шумактан аспайтын бір олеңін (кітапшаын ұсынады) әділқазылардың иұсқауымен және ақынға арналған түшіндесін оқиды. Окушының өз шығармасын жатқа окуы шарт. Өлеңнің көркемдігі, тақырыптың ашылуы, мазмұны, оку мәнері ескеріледі. (5-10 ұпай)

### **4. Қаржыландыру**

3.1. Республикалық Мұқағали Мақатаев оқуларының облыстық, аудандық, қалалық, кезеңдерін қаржыландыруы тиісті білім органдары жүзеге асырады.

3.2. Республикалық Мұқағали Мақатаев оқуларына қатысушылардың жолда жүргүре байланысты шығындарын, орналастыруын жіберіп отырған мекеме көтереді.

3.3. Республикалық Мұқағали Мақатаев оқуларына қатысушылардың тамақтануы, маралаттауға және жүлделері мен кеңсе заттарын сатып алуға байланысты шығындарын Алматы облыстық білім басқармасы көтереді.

### **5. Жұмыс органдары**

5.1. Республикалық Мұқағали Мақатаев оқуларының шешуші соңғы кезеңін дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру жұмыстарын жүзеге асыру және үйлестіру мақсатында облыстық білім басқармасының бұйрығымен ұйымдастыру комитеті құрылады.

5.2. Республикалық ұйымдастыру комитетінің құрамына облыстық білім басқармасы мен облыстық білім ұйымдарының қызметкерлері, тиісті аудандық білім бөлімдерінің жетекшілері енгізіледі.

5.3.М. Мақатаев оқуларының соңғы кезеңін өткізу дің ұйымдастыру комитеті;

5.4. М. Мақатаев оқуларының өткізу дің жалпы тәртібін белгілейді;

5.5. Тікелей басшылық жасауды жүзеге асырады;

5.6. М. Мақатаев оқуларының материалдарын баспасөзге жариялауға береді.

5.7. Республикалық ұйымдастыру комитетінің төрағасы – облыстық білім басқармасының бастығы.

## 6. Қазылар алқасы

6.1. Мұқағали Мақатаев оқуларының қазылар алқасының құрамы торағадан, хатшыдан және 8 алқа мүшелерінен тұрады.

6.2. Қазылар алқасының құрамын облыстық ұйымдастыру комитетінің ұсынуы бойынша облыстық білім басқармасының бастығы бекітеді.

Қазылар алқасы:

- талапкердің өнеріне талдау жасайды және 10 балдық жүйемен бағалайды;
- қатысуышылардың өнерін бағалаудағы мәселелерді талқылайды және кәжет болған жағдайда тиісті түзетгулер енгізеді;
- женімпаздарды анықтайды және жүлделі орындарды белгілейді.
- Алматы облыстық білім басқармасына Республикалық Мұқағали Мақатаев оқуларының қорытындысы бойынша есеп береді.

## 7. Республикалық Мұқағали Мақатаев оқуларының жұмысын корытындылау және қатысуышыларды марапаттау

7.1. Мұқағали Мақатаев оқуларының ашылуы және қорытындылануы, женімпаздарды марапаттау рәсімі салтатанатты түрде өтеді.

7.2.М. Мақатаев оқуларының соңғы кезеңінің жүлдегерлері қазылар алқасының шешімі бойынша, Алматы облыстық білім басқармасының бас жүлде, 1, 2, 3 дәрежелі дипломдарымен және қатысқандары үшін алғыс хаттарымен марапатталады.

7.3 М. Мақатаев оқуларының шешуші кезеңінде әр номинация бойынша 7 жүлделі орын белгіленеді:

- Бас жүлде 1(біреу)
- 1 орын (біреу)
- 2 орын (екеу )
- 3 орын (үшеу)

**Ескертпе.** Республикалық байқауға қатысуышылар алдын ала белгіленген уақытта Алматы қаласындағы «Саяхат» автобекетінде болулары керек.